

"Кең дала" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 мамыр N 618

"Кең дала" ашық акционерлік қоғамының "Джон Дир" астық жинау комбайндарын сатып алу жөніндегі несиелік келісімі шарттарының міндеттемелерін орындамауына байланысты, сондай-ақ оларды пайдаланудың тиімділігін арттыру және аталған заемға қызмет ету жөніндегі республикалық бюджет шығыстарын төмендету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақстан Эксимбанкі" және "Ақмола қоры" жабық акционерлік қоғамдарымен "Джон Дир" астық жинау комбайндарын сатып алу жөніндегі АҚШ Эксимбанкінің несиелік желісі шеңберінде "Кең дала" ашық акционерлік қоғамының алған несиесі үшін оның берешегі бойынша соңғысының талап ету құқығын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қайта табыстау шартын жасассын;

2) "Джон Дир" астық жинау комбайндарын сатып алу жөніндегі АҚШ Эксимбанкінің несиелік желісі бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін 1996 жылғы 14 тамыздағы N 18/28/022-ДЗ-в, 1998 жылғы 7 мамырдағы N 2-18/ДЗ-в және 1999 жылғы 11 қаңтардағы N 25 кепілдік шарттары бойынша кепілге берілген 630 "Джон Дир" астық жинау комбайндарын қоса алғанда, "Кең дала" ашық акционерлік қоғамының мүлкін өндіріп алсын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.31. N 1088 қаулысымен. Р 9 9 1 0 8 8 _

2

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.07.31. N 1088 қаулысымен. Р 9 9 1 0 8 8 _

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы "Джон Дир" астық жинау комбайндарын сатып алу жөніндегі АҚШ Эксимбанкінің несиелік желісі бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етуге байланысты қарым-қатынастарды реттесін.

4

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.31. N 1088 қаулысымен. Р 9 9 1 0 8 8 _

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.12.23. N 1966 қаулысымен. Р 9 9 1 9 6 6 _

5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті "Кең дала" ашық акционерлік қоғамының қызметіне үкіметтік комиссия

жүргізген тексеру барысында ашылған жіберілген тәртіп бұзушылық фактілері бойынша қажетті іс-әрекет жүргізісін.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.07.31. N 1088 қаулысымен. Р 9 9 1 0 8 8 _

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

О қ ы ғ а н д а р :
Қ о б д а л и е в а Н .

Омарбекова А.